



ӘЛІБЕК ФАЙЗУЛАҰЛЫ

ОРТ



Әлібек Файзулаұлы

жазығыштың шығармасы таңылғанынан кейін оның
алғашқынан оның жаңа мәдениеттегі ойынан дауыс беруде

жазығыштың 71 Ф
алғашқынан "тәжірибелі"
шығармасында дауыс береді

намысшының
жазығыштың
алғашқынан
шығармасын
негізде
алғашқынан
жазығыштың
шығармасын
негізде
шығармасын
негізде



Одан кейін 12-13 жасар балы екенін
шығармасында дауыс береді. Дәл кіріп 1020255074 фен
жазығыштың алғашқынан оның жаңа мәдениеттегі ойынан дауыс береді.
Балалардың жаңа мәдениеттегі ойынан дауыс беруде, балалардың
жазығыштың алғашқынан оның жаңа мәдениеттегі ойынан дауыс береді.
Балалардың жаңа мәдениеттегі ойынан дауыс береді.

"Балалар әдебиеті" баспасы, 2006

Национальный научно-исследовательский центр
литературы и культуры им. Ахмета Кунанбаева

1680160

ББК 84 Қаз 7-6

Ф 17

*Қазақстан Республикасының мәдениет, ақпарат министрлігінің
Акпарат жөнне мұрагат комитетінің бағдарламасы бойынша шығарылды*

Ф 17 Файзулаұлы Әлібек .

Ф “Өрт”. Хикаяттар, әңгімелер. –Алматы:

“Балалар әдебиеті” баспасы. –2006. –160 бет.

Жинаққа енген жазушының детективтік шығармалары өзінің шытырман оқигаларымен оқырманын еліктіріп әкетеді. Әрі автор шыргалан оқигаларды біржакты жалақ қызықташ кетпей, өзіндік мән-мағыналы ой қозғайды. Туындыларды оқып отырып, ел үрке қарайтын қылмыс атаулының кездейсоқ жасалмайтындығына көзің жетеді. Шығармаларда әлеуметтік жүк тағылымдық нәр бар. Жалпы, қаламгер өзінің барлық туындыларында жас өрендердің психологиясына жан-жақты назар аударып, олардың азамат ретінде көзқарастарының орныгуына ерекше көніл бөледі.

ISBN 9965-650-50-0

Ф 4702250201
00 (05)-06

ББК 84 Қаз 7-6

ISBN 9965-650-50-0

© Әлібек Ф., 2006

© “Балалар әдебиеті” баспасы, 2006

ХИКАЯТТАР

КІНӨСІЗ ҚҰРБАНДЫҚ

Жедел іздестіру тобы оқиға болған жерге келіп жеткенде, таң енді ғана қылаң бере бастаған еді. Саябақ ішіндегі шамдар да әлі сөндірілмеген еken. Айналаға көз тоқтатып, үңіле қарамасаң, жан-жағынды болжau қыын.

Топ жетекшісі, қалалық істер басқармасының қылмысты істерді іздестіру бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Жанайдар Аламановтың ең алдымен көзіне түскені — жолдан бұрыстау ұзынша орындық түбінде жатқан адам болды. Екі аяғы екі жақта. Жатысы өте жайсыз.

Қимылсыз кісінің жанына адымдай басып барған Жанайдар сұлап жатқанның 12-13 жасар бала екенін көргенде, еріксіз қабағы түйілді. Дәл қарақұсынан тиген ауыр соққы жасөспірімнің өмірін қызып жіберіпті. Ақкан қанның үйып қалғанына қарағанда, баланың көз жүмғанына да едәуір уақыт өткен сияқты.

Қызметкерлер өлікті суретке түсіріп, айнала із кесе бастаған кезде Жанайдар топты осында ертіп келген күзетшіні әңгімеге тартты.

— Ағасы, өлікті қай кезде байқадым дедініз?

— Сағат жетілерде... Бірден сіздерге хабарладым ғой... Жанайдар кол сағатын көзіне тосып еді, жетіден он үш минут өтіпті.

“Шамасы дұрыс... Әлде сол замат сағатына қарады ма екен?” Көз қылғы еріксіз күзетшінің сол білегіне тұсті. Бірақ оның қолында сағат көрінбеді.

— Мен күніге жұмыстың соңына қарай, жетіге он бес минут қалғанда бақтың ішін аралауға шығатынмын, — деді күзетші Жанайдардың ойын сезіп қойғандай сөзін жалғастырып. — Бүгін де сол әдетім бойынша тексеріп келе жатып... Сүмдыш-ай, уыздай жас бала... Сормандай әке-шешесі зарлап қалатын болды-ау!..

Қылмыстық іске байланысты қажетті құжаттарды хаттап, жұмыс орнына тұске таман жеткен Аламанов бірден қала көлемінде тіркелген қылмысты оқиғалардың соңғы мәліметін алдырып, асықпай қарай бастады.

Пәтерге үрлықта тұсу... Kicі тонау... Зорлау... Бопсалау... Ә, міне, Жанайдарға керегі: Ақжанова деген әйел тұнгі сағат 1.47-де “02”-ге телефон соғып, бесін шамасында сыныптасының үйіне барып қайтуға шыққан баласының әлі оралмағанын хабарлаған. Мекен-жайы, үй телефоны жазылған.

Подполковник асығыс телефон нөмірін тере бастады.

— Алло, маған Ақжанова керек еді.

— Мен... тындал түрмyn... — Абыржыған әйел даусы үзік-үзік естілді.

— Бұл қылмысты істерді іздестіру бөлімінің бастығы Аламанов қой. — Жанайдар барынша сабырлы сөйлеуге тырысты. — Жоғалған баланызға байланысты кейбір жайттарды анықтайын деп едім.

— Қадыржанның дерегі шықты ма?!

— Жо... әзірге белгісіз... — Жанайдар шындықты уақытша жасыра түрғанды жөн көрді. — Баланыздың ерекше белгілерін айттыңызшы.

— Ұзын бойлы, ашан... Бүйра қара шашты... Оң қолының бармақ буынында қара мең бар... — Әйелдің даусына аздаған діріл араласты. — Киімдерін де қайталаіын ба?..

— Жо-жоқ, киімдері мында толық жазылған, — деді Жанайдар қағаздағы мәліметке үңіліп. — Қара күртеше, дженси шалбар...

— Аяғында табаны қалың күздік қара туфли... — деді әйел жалғастырып.

Сол... Соның дәл өзі... Тек қалай айтады... Әсте күйеуі екеуінің келгені дұрыс шығар.

— Еріңіз қайда еді? — деді Жанайдар шамалы бөгеліп барып.

— Қызмет бабымен іссапарда жүр. — Әйелдің тамағын қырнап жөткірінгені, артынан терең күрсінгені естілді.

— Кешіріңіз, сіз... сіз бір нәрсені жасырып тұрған сияқтысыз... Бүйтіп қинағанша ашығын айтыңызшы, қулыным аман ба өзі?!

— Үм-м... Сіз біздің басқармаға келіңізші...

* * *

Бірінші бөлімнің бастығы полиция майоры Қанат Сәткелдиев саябақтағы бала өліміне байланысты барлық күжаттарды үстел үстіне жайып тастап, шетінен баяндауға кірісті.

— Ең алдымен медициналық сарап қорытындысынан бастауға рұқсат етініз, подполковник мырза, — деді ол әдеттегі жинақылығынан ауытқымай. — Дәрігердің анықтамасы бойынша, бала қарақұстан тиген ауыр соққыдан түнгі сағат 11 мен 12-нің аралығында үзілген. Қолданылған қару — доғал, кеспелтек зат болуы тиіс. Соққы екі рет тиген. Басқадай күш жұмсау, арпалыс белгілері жоқ.

- Із кесу нәтижесі қалай?
 - Оқиға болған жерде ешқандай із қалмаған. Сол түнде жауған жауын бәрін шайып кеткен болу керек. Ешбір айғақты зат та табылмады.
 - Көрген-білген... күдікті адамдар?
 - Әзірge көрдім деген күөгер жоқ. Құзетші сезікті ешкімді байқамаған. Салқын күзде бақта бейсауат жүрушілер кем көрінеді.
- Біраз үнсіз отырып, естіген мәліметтерін ой елегінен өткізген Жанайдар:
- Саябақ ішіндегі кинотеатрда соңғы сеанс қай мезгілде аяқталыпты? — деді сұрағына мән бере.
 - Ойыңызды түсіндім, подполковник мырза, — деп Сәткелдиев бұл жағын да ескергенін сездіре іле жауап қайтарды. — Кинотеатрда “Сүйіктіңе ұнау” атты үнді фильмі жүріп жатыр екен. Соңғы сеансы 22.40-та аяқталған. Киноға халық көп жиналыпты. Барлық билет сатылған. Бірақ есік аузында билет тексеретін әйел өлген бала — Қадыржанды танымады, киноға кірген-кірмегенін де анық білмейді.
 - Иә, ешбір күөгерсіз, ешбір айғақсыз іс жүргізу, әрине, қыын! — деді Аламанов қабағын түкситіп. — Бірақ кимыл-әрекетті бір сәтке де кешеуілдетуге болмайды. Кешіккен сайын қылмыскер ізін сұытып, құрықтан мойны қашықтай бермек.
 - Құрықтан құтылғанмен, тұзағымыз бар емес пе, подполковник мырза, — деді Сәткелдиев алысты мензей сөйлеп.
 - Дегенмен, өкшелей қуып, қыл мойынға құлаштай құрық салғанға не жетсін!
- Бастығының алдында ұзын арқау, кең түсауға салынғанына қолайсызданған Қанат:
- Аманшылық болса, қылмыскерлердің тақымын жаздырмаспыш! — деді іле жуып-шайып.

— Э, бәрекелді, біздің жігіттер осылай десе керек-ті!
— Жанайдар салқын жымып қойды. — Ақжановамен хабарластындар ма, әңгімелесуге қалай, өз-өзіне келді ме?

— Әлгінде телефонмен сөйлескенмін, қылмысты тезірек ашуга септігі тиетін болса, әңгімелесуге әзір екенін білдірген.

— Байқандар, бауыр еті баласынан айрылып, қан жылап отырған жанды көп мазалай бермендер... Басы артық әнгіме болмауы тиіс.

— Түсінемін... Ақжанованы қай уақытқа шақыртайын?

— Жоқ, шақыртып әурелемейік, қазір біз өзіміз сонда барамыз.

— Кешкі тамагыңыз ше?!

— Жә, тамақтың бір мәнісі болар, мынадай жағдайда керіліп-созылып жүруді уақыт көтермейді ғой.

Екі қабатты зәулім үйдің сыртқы қақпасы ашық екен. Кең аула, сәнді ғұлзар, үлкен бассейн, қос гараж үй иелерінің бақуатты тұрмысын әйгілеп-ақ тұр.

Бір тұстан қабаған ит шыға келмесін деген қауіппен абылай басып, есікке жақындаған полиция қызметкерлерін Ақжанованың өзі қарсы алды.

Жүзі сынық, жанары мұңлыш келіншек келушілерді қонақ бөлмеге ертіп апарып, орындық ұсынды. Өзі де қонақтарға жақындау орналасып, ешқандай сұрақты күтпей-ақ әңгімесін бастады.

— Қадыржан жалғыз ұлымыз еді, құдай оны да көп көрді ғой! — деді Тәнзила жүрегі қарс айрыла терең күрсініп. — Өзі бір ақылды, жаны нәзік болатын... Әкесі екеуміз болашағынан үлкен үміт күтуші едік.

— Әкесі демекші, ол кісі үйде болса осында шақырсак, — деді Қанат келіншектің сөзін бөліп.

— Жоқ, ол іссапарда...

— Откен жолы да ерінізді іссапарда деп едініз. — Жанайдар сөзге араласты.

— Ә-ә, одан келген, кеше қайта жүріп кетті. Балаңның қырқы өтпей қайда барасың, үйде отырсаншы деп едім... Жұмыс ынғайы солай болғасын амал қанша... — деді Тәнзила тұнжырай басын төмен салып.

— Сөзіңе қарағанда, еріңнің жұмысына көнілің толмайтын сияқты-ау? — деді Жанайдар жасының үлкендігіне сүйене “сізден” “сенге” көшіп.

— О не дегеніңіз, қайта еш таршылық көрмей жургеніміз Жұманның арқасы ғой. Тек... — Тәнзила әрмен қарай айттар-айтпасын білмегендей, кібіртіктеп, бөгеле берді.

Осыны байқаған Жанайдар:

— Бөгелме, қарағым, егер қылмыс тезірек ашылсын десен, ештеңені жасырма, қайсыбір жайттар сендерге ұсақ-түйек көрінгенмен, кейде біздің қолымызға шатасқан жіптің ұшын ұстатуы мүмкін, — деді дем бере сөйлеп.

— Сіздерден несін жасырайын...

— Е, бәсе, — Қанат Тәнзиланың сөзін бөліп кетті, — жасырмай айтыңызы, біреулерден қудікtenесіз-ау!..

— Қалай десем еken... Откенде, осыдан жиырма күндей бұрын белгісіз бір ер кісі үйге телефон соққан...

— Иә, не мәселе жөнінде?!

— “Егер жалғыз балаңнан айрылайын демесен, күйеуің біздің шартымызды қабылдасын!” деп, телефон тұтқасын тастай салды.

— Сосын сіз не істедіңіз?! — деді Сәткелдиев елең етіп.

— Жә, басқа мазаламайық. — Аламанов әңгімені кілт доғарып, қайтуға жиналды.

Полиция қызметкерлерін есікке дейін шығарып салған Тәнзила:

— Аландамай жүре беріңіздер, итті қораға қамап тастағанбыз, — деді арттарынан дауыстап.

* * *

“Табиғат сыйы” фирмасының директоры Жұман Ақжанов уәделі уақытта рұқсат сұрай кабинетіне кіріп келген Сәткелдиевті ескі танысындаң жылы шыраймен қарсы алды. Жұмыс үстелінен тұрып, он қолын ықыласстана ұсынды. Қысқа сәлемдесуден кейін хатшысын шакыртып, шай алдырыды.

— Айтыңызшы, балаңыздың өліміне байланысты күдікті адамдарыңыз бар ма? — деді Қанат сұрақты төтесінен қойып.

— Бұл сұрақтың неден туындал отырғанын жақсы білемін... — деді Жұман аз-кем бөгеліп. — Әйеліме телефон соғып, қорқытқандардан, шынымды айтсам, кезінде мен де қатты сескендім. Егер алда-жалда біреулер өлдекалай шарт қоя қалса, орындауға әзір едім.

— Тіпті қандай шарт болса да ма?

— Негізінен оларға керегі акша емес пе. Жалғыз ұлым үшін сұрағандарын тауып беруге бекінгенмін...

— Бүйтіп босқа шашылуға үн-тұнсіз көнгенше, зан орындарына неге хабарламадыңыздар?

— Бұл жөнінде Тәнзила: “Полицияға жеткізгенімізді біліп қойса, олар баланы өлтіреді” деп, ырыққа еш көнбеді. Расында, бұл қауіпті еді. Сондықтан мен де жалғызымыңың өмірін қатерге тіккенше, істі ыңсызшыңсыз бітіргенді жөн көрдім.

— Ал, сонымен іс бітті ме?

— Жоқ, маған ешкім шарт қойып келмеді.

— Бәлкім, бір нәрседен секем алып, ашық келуден жасқанған шығар?

— Қайдам, күдік тудыратындаң артық қимыл жасаған жоқ сияқтымын...

— Алайда, балаңызға қастандық жасалды ғой... Неліктен?! Әлде бұл кек алу ма?

— Қалайша-а... соншалық қастасатындаңай, мен не бұлдіріппін?!

— Кім білсін... Қызмет бабында әр түрлі жағдайлар болып жатады ғой.

— Рас, бізге неше түрлі адамдар келеді. Сан алуан келісім-шарттар жасалынады. Кейде екі жақ тіл табыса алмай, ат құйрығын кесісетініміз де бар...

— Міне-міне, тап осы тіл табыса алмай, ат құйрығын кесіскендерді есінізге түсіріп көрінізші.

— Ондайлар біраз ғой, қайсыбірін түгендейін...

— Сіз асықпаңыз, әсіреле, телефон қоңырауы қарсаңындағы оқиғаларды ойынызға түсірінізші.

— Осыдан бір ай шамасы бұрын Ресей жақтағы “Золотая степь” кооперативінің директорымен қатты сөзге келіп қалғанбыз. Былтыр 60 тонна көкөністің ақшасын есеп-шотымызға сегіз айдан кейін аударып, теңге құнсызданып тұрған кезде тақыр жерге отырғызып кеткен. Сол өткенде ұялмай-қызармай тағы келіп, жеміс сұрайды. Ит терісін басына қаптап, кабинеттен қуып шықтым. Өзі де дөнміnez біреу екен, “Фирманды өртеймін, қара жер сипатам!” деп, кетерінде әбден оттаған.

— Аты-жөні есінізде ме?

— Ұмытпасам Козлов... Былтырғы алыс-берісте құжаттары тіркелген ғой. Қажет десеніз көрсетейік.

— Жарайды, соңынан қарармын. Басқа және кімдермен жүз шайысқан едініз?

Сұраққа жауап бермес бұрын Жұман жұмыс үстелінен темекі корабын шығарып, қонағына ұсынды. Қанат бас шайқаған соң, өзі бір талын ерніне қыстырып, тұтатты.

Қою темекі тұтінін мұрнынан будактата шығарып, ойға берілген Жұман кенет Сәткелдиевке жалт бұрылды.

— Және бір “тип” есіме түсті, — деді ол бетін тыржитып.

— Телефон қоңырауынан он шақты күн бұрын бір кавказдық коммерсант келіп, бидай сұраған. Мен: “Бидай сатылмайды, қажет болса үн ал” десем, түсінбейді. Өзінше

пара беріп көндірмек. Қатты үрсып таstadtым. Бірақ менің сөзімнен ыққан ол жоқ, “Сатасың, сатқанда қандай, өл үйіме әкеліп бересің!” деп, қоқан-лоқы жасап кетті...

— Аты-жөні кім еді?

Жұман қанша тырысқанымен есіне түсіре алмады.

— Тым құрығанда түр-түсі ойыңызда ма?

— Түр-түрпаты, әрине, есімде... Бақандай бір сағатқа жуық осы кабинетте бетпе-бет отырдық қой.

— Содан қайтып кездеспедіңіздер ме?

— Жоқ, кездеспедік. Бірақ ол екі күннен кейін: “Калай, ойландың ба?!” деп, үйге телефон сокқан.

— Солай деңіз-з... — Қойын дәптеріне әлденелерді тұртіп алған Қанат: — Бұл жерге қайта оралып, біраз құжаттарыңызды парактауға тұра келіп түр, — деді сыпайы жымышп.

— О, не дегеніңіз, келіңіз. Біз — әке-шешесі істің тезірек ашылуына мүдделі жандармыз ғой, қолдан келгенше көмектесуге әзірміз.

— Рақмет.

Орнынан тұрып, қоштасуға ыңғайланған Сәткелдиевті Жұман және кідіртті.

— Тағы бір жайтты сіздің құлағыңызға салсам деймін, бәлкім, жұмысыңызға септігі тиер.

— Айтыңыз.

— Біздің Қадыржан үш жасында бір рет үрланған...

— Қалайша-а?!

— Кәдімгідей... Бақшада ойнап жүрген жерінен бір бейтаныс әйел іліп алышп, әкетіп бара жатқанда тәрбиешілер байқап қалышп, шу көтерген. Сол кезде ол баланы тастай салышп, жол бойында тосып тұрган нөмірсіз машинаға отырып, зыта жөнеліпті... Біз үшін бұл тәбемізден жай түскендей болды. Көп уақытқа дейін үрейімізді алған осы бір оқиғаны еш ұмыта алмай жүрдік.

Әсіреке, келіншегім күніне үш-төрт мәрте бақшаға телефон соғып, қайта-қайта тәрбиешілерді пысықтап, баланың әр қадамын аңдып, әбден әбігерге түсті.

— Ал ұры ше, ұрыны ұстауға әрекет жасалды ма?!

— Қайдағы әрекет, бәрі қас пен көздің арасында болған ғой. Тәрбиешілер ұрыны алыстан көргендіктен, бет-жүзін дұрыстап байқай да алмаған. Оның үстіне әйел қара көзілдірік киген дейді...

— Құдік тудырғандай біреулер бар ма еді?

— Қайдам... Ол жолы да менің қызметіме байланысты жорықтың қой...

Қойын дәптеріне әлденелерді түртіп алған Сәткелдиев:

— Егер тағы да осы сияқты қылмысты ашуға септігі тиер-ау деген жайттар есінізге түссе хабарласыныз, — деп қызмет телефоны жазылған қағазын қалдырып, қош айтысты.

* * *

Сәткелдиевтің Ақжановқа жолығып қайтқаны туралы әңгімесін мүқият тындаған Аламанов:

— Иә, сонымен қандай қорытындыға келдің? — деді таяудаған бөлімше бастығына тағайындалған жас қызметкерге синай қарап.

— Менінше, қолдағы бар деректерге жүгінсек, баланың бұрын бір рет ұрлануы, кейіннен өлтірілуі бопсадан гөрі, кек алуға мензеп тұрғандай. Тек бұл жерде осынау тұжырымға қыыспайтыны — телефон қоңырауы. Өйткені, кек алатын адам дабыралап келмесе керек-ті. Демек, қылмыскерлер о баста-ақ екі жеп биге шығуды көздеген. Яғни, алдымен Ақжановқа шарттарын орындағып, артынан баласын өлтіруге бекінген. Бірақ әлдебір себептер бөгет болып, қойылатын шарт иесіне жетпей қалған да кек алу жүзеге асырылған. Егер баланың ұрлануы мен өлтірілуі арасында он жылдай уақыт өткенін

ескерсек, өлгі шарт сырының тереңде жатқанын аңғару тіпті қын емес... Мәселен, Ақжановтың әлдекандай бір құпия іске шатысы болуы мүмкін. Олай дейтінім, өткенде өзіңіз көрген хан сарайында үлкен үй салып, қос машина мінген адамды мен сүттен ақ, судан таза деп айта алмаймын. Сол үшін Ақжановтың өзін өлі де жан-жақты тереңірек тексеру қажет сияқты.

— Жалпы, логикаң бар, — деді Жанайдар біршама құптаған сыңаймен. — Бірак, есінде болсын, негізсіз логика — бос қиял. Ал, біздің жұмысымызда тек негізге сүйеніп, шындыққа қол жеткізуге болады. Сенің логикандағы ең бірінші кемшілік — баланың үрлануы мен өлтірілуін қосып қарауда. Осы екі оқиғаны бірге қарайтындаі негіз қайда, дәлелің қайсы?! Ешқандай дәлелің жок. Ендеше, пәлендей тұжырым жасауға әлі ерте. Асығыс тұжырым — жаңсақ ізге түсіруі мүмкін. Екінші үлкен кемшілігің, баланың я өз үйінде, я бөтен үйде емес, саябак ішінде, оңаша орындықта өлтірілуін, тіпті, ескермедің. Ал, меніңше, осынау екі мәселеге қатты назар аударылуы тиіс. Сондықтан тек Ақжановтың қызмет бабындағы таныстарынан күдіктеніп, біржакты кетуге болмас. Баланың жолдастарымен де сөйлескен жөн.

— Яғни, мектепті де назардан тыс қалдырмаған дұрыс дейсіз ғой... — Қанат өзінің асығыстау қорытынды жасағанына қысыла, бастығын қостап қойды.

— Иә, қазір екеуміз мектепке барып қайтайық, — деді Жанайдар қызметкерінің жағдайды тез аңғарғанына риза пішінмен.

Аламанов пен Сәткелдиевті мектеп директорынан бастап, барлық мұғалімдер үрпие қарсы алды. Қадыржан туралы пікір айтуда ешкім суырылып шыға қоймады. Тек әдебиет пәнінің мұғалімі ғана: “Қадыржан өте зерек, сезімтал бала еді...” деп біраз сыр шертті. Шығарманы қалай жақсы жазатынын, өсіресе, еркін тақырыпты

тандыған кезде тамылжыта көслетінін өжептәуір сөз етті.
Қадыржанның ата-анасы туралы да біршама өңгіме айтты.

— Көрші тұргасын бәрін байқап жүреміз ғой, — деді ол үлкен кісілерге тән сындарлықпен. — Шіркін-ай, екеуінің сайма-сай қосылғанына еш дау жоқ қой, дау жоқ! Бірін-бірі қалай сыйлайды десеңші. Әсіресе, Тәнзила қарағымның күйеуіне деген ықыласы, тіпті ерекше! Қашан көрсөң жолын тосып, елеңдеп отырғаны. Ал, енді осындај жандардың ұлы қалай жаман болсын. Қадыржан бір айналайын бала еді-ау!.. Амал қанша, байғұстардың мандаійна сыймай кетті де-е...

Қадыржан туралы сыныптастары да жақсы пікірде екен. Оның адалдығы, мейірбандығы, сезімталдығы туралы жарыса сөйледі. “Тәртібі қалай еді?” деген сұраққа, бәрі бір ауыздан “тамаша” деп жауап қайтарды.

— Соңғы кездері біреулермен ерегіспін жүргенін байқамадындар ма? — деді Қанат әлі де пысықтай түсу үшін.

— Жо-о-ок, қайдағы ерегіс, Қадыржан ешкімге тиіспейтін!

— Ол өздігінен біреуге еш уақытта соқтықпайды!..

Жарыса дабырласқан балалар Қадыржанға шаң жуытар емес.

— Сол оқиға болатын күні Қадыржанның орталық саябақтағы кинотеатрдың соңғы сеансына барғанын көргендерің бар ма? — деді Қанат көкейдегі соңғы сұрағын қойып.

Балалар үнсіз.

— Бұлар бейуақыттағы киноға бармайды ғой, — деді пән мұғалімі оқушылар үшін жауап қатып.

Мардымды ештеңе біле алмай аулаға шыға берген полиция қызметкерлерін, “Ағай, тоқтаңыздаршы!” деген дауыс кілт кідіртті. Сондарынан қуа жеткен елгезек сары бала:

— Ағай, әлгінде апайдың көзінше айта алмадым... —

деді ентіге демалып. — Мен сол күні армиядан қайтқан ағама ілесіп, соңғы сеансқа барғанмын... Бірақ Қадыржан кинода болған жок.

Баланың тағы да бір нәрсе айтқысы келіп тұрғанын байқаған Жанайдар:

— Әсте, сен Қадыржанның досысың-ау, — деді жылы ұшырай сөзге тартып.

— Иә, ол менің ең жақын досым еді...

— О-о, солай де... атың кім сенің?

— Бисен.

— Ендеше, Бисен қарагым, сен досың туралы бар билетінінді... әсіресе, соңғы кездері байқағандарыңды жасырмай айтуың керек, — деді Жанайдар баланы демей сөйлеп.

— Білесіздер ме... — деді Бисен кенет даусын бәсендетіп. — Соңғы кездері Қадыржан маған бір түрлі көрінген... Көбіне өзімен-өзі, артық сөйлемейді... Бір жолы бас-аяғы жок: “Бисен, сен осы кімге ұқсайсың?” дегені. Тосын сұрактан қатты сасқаным... Артынан барыш, әжемнің: “Көкесінен аумай қалған баласы!” деп өрдайым еміреніп отыратыны есіме түсіп, “Көкеме ұқсаймын ғой” дедім.

— Сосын...

— Қадыржан бетіме біраз үңіле қарап тұрды да кілт бұрылып жүре берді...

Бисеннің әңгімесін ықыластана тындаған Жанайдар:

— Жарайсын, жігітім, саған үлкен рақмет, — деді он қолын мейірлене ұсынып.

— Ағай, оларды табасыздар ма?..

Досының қайғылы қазасына жаны күйзелген жасөспірімнің мұнды жанарынан, “Ағай, қалайда қылмыскерлерді ұстаңыздаршы!” деген жалбарынышты тілекті Жанайдар үнсіз оқыған еді...

* * *

Аламанов пен Сәткелдиев мектептен шыққан кезде күздің қысқа күні өлдекашан ұсына батып, қас қарайып қалған-ды.

— Тезірек Ақжанованың үйіне жетуіміз керек, — деді Жанайдар екпіндей алға түсіп.

— Жәке, немерелі болып жатырсыздар, мана қызметтес жігіттер жұмыстан кейін үйлерінізге соғып, қуаныштарыңызға ортақтаспақ еді, — деді Қанат жақаурата сипақтап.

— Е, оған кім қарсы, келетін кісілерге есігіміз әрқашан ашық, — деді Жанайдар қонақжайлыштық таныта. — Женгелерің үйде, күтіп алады ғой.

— Дегенмен, өзіңдің орныныз...

— Жә, сен өйтіп бұлтақтатпа, — деді Жанайдар қарқылдай күліп. — Егер уәделесіп қойсандар саған рұқсат, жүре бер. Мен мына бір шаруаны қайырып тастайын, ертеңге қалдырсақ, кешігуіміз мүмкін...

Осымен сөз бітті дегендей, Жанайдар Қанатты арқаға қағып, өзі алға оза берді.

Кештетіп жүрген Жанайдарды көргендеabdýrap қалған Тәнзила оның, “Қадыржанның жеке заттарын көрсем” деген өтінішін естігенде барып, көңілі орнына түскендей болды. Аламановты екінші қабаттағы ұлының бөлмесіне өзі бастап әкелді.

Күн бетке орналасқан кең бөлме талғаммен жиналған еken. Баланың демалуына, жұмыс істеуіне толық мүмкіндік жасалынған. Сәнді шетелдік бүйымдар көздің жауын алады.

Үй ішін көзімен асықпай шолып өткен Жанайдар жазу үстелінің үстінде жатқан оқулықтарды біргіндеп қолына алып, парақтай бастады. Кіршіксіз таза ұсталынған кітаптар иесінің үқыптылығын бірден аңғартқандай еді.

Жанайдар орындық арқалығына ілінген былғары

сөмкенің ішін де мүқият тексеріп шықты. Міне, 6 “Ә” сыныбының окушысы Ақжанов Қадыржанның күнделігі. Сабак кестелері мен үй тапсырмалары маржандай тізілген көркем жазумен әп-әдемі толтырылған. Күнделікке қойылған “4” пен “5” деген бағалар да көз қуантады.

Жанайдар күнделікті ұлкен ілтипатпен орнына сала беріп, қайта шығарды. Тез-тез сыртқы қабын ашты. Сол кезде алақандай қағаз үстел үстіне ұшып түскені... Сурет екен... 14-15 жасар қыздың суреті.

— Танисыз ба? — деді Жанайдар суретті Тәнзилаға көрсетіп.

Суреттегі бүйра шашты, қасы қияқтай, қара көз, сүйкімді қызға тесіле қараған Тәнзила:

— Жок, білмедім, — деді антарыла басын шайқап. — Бәлкім, сынныптасты шығар...

Сол замат суреттің сыртын аударып, “Бұл мен. Нұр қаласы.” деген сөздерді көзімен шолып өткен Аламанов:

— Осы суретті уақытша мен алсам... — деп өтінді.

— Алыңыз, әрине, алыңыз, — деді Тәнзила суретке аса мән бермей.

Суретті қойын кітапшасының арасына салып алған Аламанов кабинетіне келісімен сыннып жетекшісі арқылы 6 “Ә” сыныбының окушысы Бисеннің тұрағын сұрастырып, тұнделете сонда жетті.

Суретті қолына ұстап, шүкшія қараған Бисен:

— Жок, танымадым... — деді екі ұштылау. — Былайша, Қадыржанның әпкесі сияқты екен..

— Мүмкін, Қадыржан осы қыз туралы саған әлдебір әңгіме айтқан шығар?

Аз-кем ойланған Бисен:

— Жок, бұл қыз туралы ешқандай сөз қозғалған емес, — деді сенімді түрде.

Кабинетіне оралған Жанайдар қалтасынан суретті шығарып, ұза-а-қ барлай қарады. Ойша Қадыржан мен

бейтаныс қызды салыстырды. Қара бүйра шаш... қияқтай қас... ат жақты сопақша бет... Бисен дұрыс айтады, екеуі бір-біріне қатты үқсайды екен... Баланың аңғарымпазын қарасаңшы!.. Сонда бұл қыз кім?.. Қадыржан суретті неге жасырып ұстаған?..

Жанайдар үйіне телефон соғып, Сәткелдиевті шұғыл тапсырма беру үшін жедел шақыртып алды.

— Ой, Жәке, біз сізге қарайлап, женгейдің шайын асықпай ішіп отырсақ... — деді Қанат есіктен сөйлей кіріп.

— Е-е, қарағым, елдің тыныштығы сақталса, той қашанда тойланған береді ғой! — деді Жанайдар толғана тебіреніп.

* * *

Сол күні түнгі пойызben асығыс жолға шыққан Сәткелдиев араға бес сағат салып, облыс орталығы Нұр қаласында болды. Вокзалға жақын бір қонақ үйге жайғасып, ертемен мектептерді аралауға кірісті.

Кешке дейін талай мектептің есігін ашқан Қанат суреттегі қызды танимыз деген бірде-бір адамды кездестіре алмады. Ертеңіне де дәл осылай босқа сандалумен жүрді. Тек үшінші күні ғана шеткі мөлтек ауданың бірінде орналасқан мектептен суреттегі қыздың дерегі шықты.

— Бұл менің оқушым ғой... — деді самайына ақ кірген ұстаз көзілдірігін бір киіп, бір шешіп, суретке қайта-қайта қарап. — Ұмытпасам, аты — Сән... Сәнімай... Күзембаева Сәнімай...

Танитын бір адамның табылғанына қуанған Қанат:

— Басқа біреулермен шатастырып түрған жоқсыз ба, апай? — деді әлі де пысықтай түскісі келіп.

— Жо-о-қ, о не дегенің, бес жыл класс жетекшісі болған өз оқушымды танымай не көрініпті!.. — деді салиқалы ұстаз сенімді түрде. — Сол, Сәнімайдың дәл өзі!

Класс жетекшісі Сәнімайдың көріктілігі, өншілігі, сабакты жақсы үлгергендігі туралы сыр шертті.

— Сәнімай өзінен бір класс жоғары оқытын бір баланы қатты ұнататын, — деді ұстаз кенет тың әңгімеге ауысып.

— Қашан көрсөн, екеуінің жұптары жазылмай бірге жүргені. Осынау балауса махаббатқа жұрт қызыға қарайтын. Талай рет мен де: “Шіркін-ай, осы бір пәк махаббат баянды болса екен!” деп іштей тілеулерін тілегенмін. Амал қанша, мектеп бітіргеннің келер жылына жігіт басқа бір қызға үйленді де Сәнімай көз жасына булығып қала берген-ді... Кейін мектеп бітірушілердің бес жылдығына Сәнімай қатысқан жок. Осында Әзиза деген жақын құрбысы бар. Сәнімайдың қазір қайда екенін сол біледі.

Әзизаның жұмыс орнын сұрастырып біліп алған Қанат жеделдетіп сонда келді.

— Ол бір бағы ашылмаған бейшара ғой! — деді Әзиза құрбысы туралы. — Өзінің қадіріне жете алмаған жігітке бас қатырып қайтесін, ұмыт оны, сенің махаббатыңа лайық жан әлі-ақ кездеседі деп, қаншама үтітегеніме еш иланбады. Құннен-құнге жүнжіп, салы суға кете берді... Сөйтіп жүргенде, Сәнімай бір жігіттің көзіне түскені. Жігітті мен де көрдім. Облыс орталығына іссапармен келіп-кетіп тұратын Темір қаласындағы трактор шығаратын зауыттың директоры екен. Қай сайтанның азғырғанын қайдам, жатып кеп әлгі жігіттің мақтауын асырайын...

— Бұған Сәнімай қалай қарады?

— Өзі де икемделе кетті деп өтірік айтып қайтейін. “Сырын білмеймін әрі бақандай он жас үлкен” деп, Сәнімай көпке дейін бұлтақтатып жүрді. Бірақ, серігін тапса серпілер деген оймен мен “қынқылымды” еш азайтпадым. Қарық қылса, жасты да көрдің ғой, одан

гөрі қайта қадірінді білетін осындағы ақыл тоқтатқаны жақсы деп, бөсіңкіреп те жібердім. Ақыры Сәнімай ыңғайға көнді-ау...

— Жігіттің аты-жөні есінізде ме? — деді Қанат қойын кітапшасын жазуға әзірлеп.

— Ол атың өшкірдің аты анық есімде қалмапты. Жұмабек пе, Жұматай ма... осыған ұқсас бірдене еді...

— Байқаймын, жігіттен көңіліңіз қатты қалған-ау?!

— Тек көңіл қалса мейлі-ау, ол алаяқ уыздай қызды масқаралап кетті ғой!.. — деді Әзиза қолын сілтеп. — Сәнімайдың аяғы ауырлағанын естіген соң-ақ қарасын батырды. Содан әке-шешесінің бетіне қарай алмаған Сәнімай үйінен кетті. Көп уақыт екеуміз бірге тұрдық. Кейін ол босанды. Бірақ бала өлі туды... Кім білсін, тағдырдың осынау ауыр тәлкегіне төзімі жетпеді ме, артынша-ақ Сәнімай қатты бұзылды. Жиі-жіі үйге қонбайтынды шығарды... Келген күннің өзінде аузынан арактың, темекінің жағымсыз иісі мұңқіп тұрғаны... Жаным ашып, жөнге салмақ болған мені, “Жетер, бір рет ақылынды тындағанмын!” деп, бетімнен алып тастады. Кейін біздің жолымыз екі айрылды. Мен Сәнімайды содан қайтып кездестірген емеспін...

Әңгімесін аяқтаған Әзиза жұмыс үстелінің суырмасынан бір сурет шығарып, Қанаттың алдына тосты.

— Қараңызшы, қандай әдемі бойжеткен, өлі де жамандыққа қығым келмейді!.. — деді Әзиза жанашыр бір сезіммен. — Бәлкім, өмірдегі өз орнын ендігі тапқан да шығар...

Суретке зейін қоя назар аударған Қанат аяқ астынан қаттыabdýrap қалды. Сол... Соның дәл өзі... Осыдан үш ай бүрүн саябақта өлтірілген белгісіз әйел...

Сәткелдиев қалааралық автобусқа отырып, Темір қаласына түс ауа жетті. Шағын қалада трактор шығаратын зауытты тауып алуға аса көп қиналған жоқ. Тек директордың алдына кіру үшін біраз тосуға тұра келді. Іште мәжіліс өтіп жатыр еken. Қабылдау бөлмесіндегі бойжеткен Қанаттың шамалы күте тұруын өтінді.

— Мұнда көптен бері істейсіз бе? — деді Қанат жайғасып отырған соң хатшы қызды әңгімеге тартып.

— Он үш жылдай болды.

— О-о, еңбек стажының әжептәуір еken! Ендігі талай директорды ауыстырып тастаған шығарсыз? — деді Қанат өзілдей.

— Осы екінші директор... — деді бойжеткен әдемі жымып.

— Біріншісі кім еді?

— Ақжанов Жұман деген кісі. Зауыт тарихындағы ең жас директор, — деді хатшы қызы сүқ саусағын жоғары көтеріп, ерекше мән берген сыңаймен. — Жиырма тоғыз жасында “таққа” отырған.

— Фажа-а-п! — деді Қанат бұрынғы бастығы туралы мақтаныш сезіммен баяндап отырған қызды қуаттап. — Бұл қай жылдары еді?

— Осьдан он, он бір жыл бұрын фой... Әттең, Жұман аға бар-жоғы екі-ақ жыл директор болды...

Осы жерде әңгімені үзуге тұра келді. Директордағы мәжіліс аяқталып, Қанат ішке кірді.

Өзін таныстырып, мән-жайды түсіндірген Сәткелдиев:

— Ақжанов Жұманды жақсы білесіз бе? — деді негізгі мақсатына төтелей жол салып.

— Білемін. Біршама білемін, — деді директор көп ойланбастан. — Мені цех бастығынан бас инженерлікке көтеріп, кейін өз орнына — директорлыққа ұсынып кеткен сол Ақжанов болатын. Өте іскер жігіт еді. Институт

бітіріп келгесін зауытта алғаш бригадирлікке орналасты да бас-аяғы жеті жылдың ішінде директорлыққа жетті ғой. Жұртпен жақсы тіл табысатын. Кім-кімді де айтқанына тез көндіретін. Басшының осындай іскер қабілетінің арқасы шығар, зауыттың көрсеткіші де ылғи жоғары-тын.

— Ақжановтың отбасы туралы не білгеніңіз бар? — деді Қанат директордың шабытты әңгімесін бөліп.

— Ашығын айтсам, Жұмекеңнің сол отбасы мазасызыдау-ау... — деді директор заң қызметкері алдында сыр бүкпегенді жөн санап. — Рас, ерлі-зайыптыларға сырттай қарасаң өуесің кетеді, нағыз бірін-бірі тауып қосылған жұп дерсің. Бірақ, “Балалы үй — базар, баласыз үй — мазар” деген бар емес пе, екеуінің арасында перзенттің жоқтығы сезіліп қала беретін. Отбасы көңілсіз, салқын көрінетін... Обалына не керек, Жұман әйелін емдестудей-ак емдettі. Тіпті, бір-екі рет шетелге де апарып қайтты.

— Мұндайда еркектер сұынып, көнілі басқа жаққа ауып жатпайтын ба еді, — деді Қанат әңгіме бағытын өзіне қажетті арнаға қарай қақпайлап.

— Қайдам, Жұмекен бұ жағына келгенде аузына бекем еді ғой, көп сыр шаша бермейтін, — деді директор сөз төркінін түсінген кейіппен қуақылана жымынып. — Оның үстіне, Тәнзила женгеміз де өте сақ, ағамыздың өкшесі сөл қисайса-ак, тез кері қайтарып алғандай-тын. Бұған айласы да, ашуы да жетеді... Бір жолы ғой, зауыттың спорт залында Жаңа жыл мерекесін тойлап жатқанбыз. Халық көп жиналған. Ол кездे Жұман — бас инженер. Сымбатты жас жігітпен әркімнің де билегісі келмей ме. Бір көгершін маскасын киген бикеш Жұмекенді қайта-қайта биге шақырады. “Бұл кім?” дейді Тәнзила бір кезде шыдамы таусылып. “Қайдан білейін, зауытта істейтін біреу шығар...” дейді Жұман шын танымайтынын